

Список использованной литературы

1. Воробьева И.А. Топонимика Западной Сибири. - Томск, 1997. - 124с.
2. Апресян Ю. Д. Избранные труды/Лексическая семантика. — М., 1995.-472 с.
3. Kadmon Naftali. Glossaire de la terminologie toponymique. - www.divisionfrancophone.org, 1997
4. Литвин И. П. О структуре и функционировании названий физико- географических объектов в своей и чужой языковой среде/Юномастика. Типология. Стратиграфия. -М., 1988. - С. 68-87.
5. Ахмеди Искакович Искаков - Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. Алма-Ата, 1964 года.- 244 с.

ҒТАМР 17.07.21

АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ЖӘНЕ АДАМ КОНЦЕПЦИЯСЫ

А.Ш. ПАНГЕРЕЕВ

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация: Мақалада Абайдың адам мен табиғат арасындағы байланыс-бірлікті, гармонияны ашып, суреттейтін өлеңдері талданады.

Кілт сөздер: адам, табиғат, концепция, гармония, философиялық таным

Аннотация: в статье анализируются стихи Абая, раскрывающие и описывающие единство и гармонию между человеком и природой.

Ключевые слова: человек, природа, концепт, гармония, философское мировоззрение
Annotation: the article analyzes the verses of Abai, revealing and describing the unity and harmony between man and nature.

Keywords: man, nature, concept, harmony, philosophical worldview

Адам мен табиғат, адамның табиғатқа қатысы қашан да келелі тақырып болып қала бермек. Осы байланыс-бірлікті шығармаларына арқау еткен сөз зергерлері, ойшылдар, ғалым-зерттеушілер қай халықта да аз емес. Адам мен табиғат туралы толғаныстар қазақ ақындары шығармашылықтарында да көптеп саналады. Солардың ішінде «көңіл құсы» табиғатпен ерекше үндесе білген ақын деп Абайды айтамыз. Абай табиғатты жырлағанда оны жалаң алмай, адамның ішкі дүниесімен астастырып, болмыстың сырларымен салыстырып суреттеген.

Абай да өлеңдерін жазғанда халықтың өмір тәжірибесінен алып, өз кезеңінің, өз заманының сүреңімен салыстырып, шығыс пен батыстың идеяларымен теңестіріп ой қорытындыларын жасап отырды.

Өлеңдерінде де, қарасөздерінде де Абай адам өмірінің мәнін, адамның рухани болмысы мен адамгершілік мұраттарын басты қағидат етіп ұстанды.

Бұл шығармаларында Абайдың көтерген тақырыптары сан тарау. Этикалық, моральдық, адамгершілік, әлеуметтік, қоғамдық т.б.

Ал бұл мәселелер қай дәуірлерде, қай замандарда да актуалды. Өмір бар жерде, өмір иесі адам бар жерде бұл проблемалар бола береді. Күн тәртібінен түспейді.

Абай осы өмірлік проблемалардың бәрін ой елегінен өткізген, терең философиялық зердесі арқылы сараптаған, басқа халықтардың тәжірибесімен салыстырған, сөйтіп әбден көзін жеткізіп, көңілін орнықтырған соң барып ұлттық уызға суғарылған өзіне ғана тән нәрлі тілмен байыпты баяндап айтқан.

Міне, Абай өлеңдерінің, қарасөздерінің қанша уақыт өтсе де, мәнін жоймайтын себебі осында.

Өмірдің барлық қалтарысы, бұлттарысы көрініс тапқан Абай туындылары қай заманда да өзекті болып, тағылымдық қуатын жоғалтпайтыны олардың адамзат үшін, адамзат қоғамы үшін жазылғандығында.

Қазіргі біздің «адами капитал» деп жүргенімізді Абай баяғыда айтып, өз шығармашылығының кредосына айналдырған, яғни Абай табиғат, ғалам және адам болмысының барлық өзекті буындары мен бір-біріне астасқан ішкі сырларын толық ашып көрсеткен.

Абай осындай кемелділікке қалай келді, ақындық жолға қалай түсті деп ойланатын болсақ, оның жауабын Абайдың 1-ші қарасөзінен табамыз. Осы қарасөзінде Абай өмірдің байлаусыздығын, тұрлаусыздығын көріп енді қалған өмірді қалай өткіземіз,... мал бағу ма, ел бағу ма, софылық қылып дін бағу, ғылым бағу ма дей келіп: «ақыры ойландым, осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын» деп түйеді.

Сөйтіп, өзін-өзі тану арқылы осы ақындық, хакімдік жолға бет бұрады. Бұл жағынан алғанда Абайдың таңдау жасауы, қарекеті грек ойшылы Сократқа ұқсас.

Жалпы өзін-өзі тану деген ұғым Сократтан басталады. Сократ та қандай кәсіп істеу, немен шұғылдану қажет екенін білмей, ақыры Дельфы қаласындағы Апполонның храмына барып Пифиядан сұрау керек деп шешеді. Содан қасына досы Эсхинді ертіп, Дельфы қаласына сапарға шығып, храмға келеді. Бірақ оның ішіне кірмей-ақ храмның

маңдайшасында жазылған «Өзіңді өзің таны» деген сөзді оқып, жерге отыра кетеді. Сократтың философияға келу жолы осы.

Айта кету керек «Өзіңді өзің таны» деген бұл сөз әлі күнге дейін актуалды. Олай болатын себебі, дүниеде не істелінсе де оның бәрі адам үшін істеледі. Ғылым да, өнер де адам үшін қызмет етеді. Ол үшін әрине алдымен адамды тану қажет, ал адамды тану – өзіңді танудан басталатыны ақиқат. Абай ілімі осы өзін-өзі танудан басталып, одан барып адамзатты, адамзат ғұмыр кешіп отырған табиғатты, бүкіл ғаламды танумен жалғасады. Сондықтан да Абай шығармашылығы өміршең, қай заманда да актуалды.

Академик С.А.Қасқабасов Абайды ұлттық ренессанстың бастаушысы деп жазған. Осы уақытқа дейін бұл ұғым еуропацентристік тұрғыдан түсіндіріліп келгенін, дұрысында ол тек Батыс Еуропада емес, Шығыста да бар, жалпы әр елдің өз Ренессансы бар екенін айта келіп: “Күллі әлемдегі Ренессанстың ең басты заңдылығы, бұрынғы мәдениетті жаңғырту ғана емес. Мұндағы ең басты қасиет - адамға көңіл бөлу, адамды дәріптеу. Адамды барлық нәрсенің қожасы деп түсіну”, [1,68] деп жазған.

Адам қоғамның қозғаушы күші, оның құдіреті білімі мен білігінде, жүрек жылуы мен жан тазалығында деген ой Абайды алдымен Алланы тануға алып келді. Осындай таным негізінде Абай:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.
Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл.
Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл», - [2,247]

деп жырлады. Адамның ішкі жан дүниесін осылайша аша білген Абай енді адамның табиғатқа қатысы қандай дәрежеде, ғаламдағы орны қандай болмақ деген ойға келген секілді.

Абайдың табиғатты суреттеуі, жылдың төрт мезгіліне түгел арнап өлең жазуы бөлек әңгіме. Көшпенді өмір салтын ұстанып, табиғат аясында табиғатпен кіндіктес ғұмыр кешкен халқымыз үшін бұның бәрі таныс дүниелер. Сондықтан да біздің халық жылдың әр мезгіліне жіті қарап, олардың әрқайсысын өзінің ерекшелігіне қарай атап отырған, мысалы жаз - шығады күз - түседі, қыс - келеді, көктем - туады екен. Осының өзі, яғни табиғаттың әр мезгілін әртүрлі етістікпен атау біздің тіліміздің байлығын көрсетеді. Мәселен, орыс тілінде бұл мезгілдер «наступила, пришла» түріндегі екі етістікпен ғана қолданылады.

Абайдың адамның табиғатқа қатысы мен ғаламдағы орнын анық суреттеген өлеңі осы көктемге байланысты өлең - "Жазғытұры" деп аталады.

«Жазғытұры қалмайды қыстын сызы.

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі [2,120]

- деп басталатын өлеңінде бір қарағанда жазғытұрымғы табиғат көркін суреттеуден басқа не бар деп ойлайсың. Ал, байыптап қарағанда өлеңнің алғашқы екі жолы (тармағы) табиғаттың көктем кезіндегі бейнесін ашып көрсетеді екен де, қалғанының бәрі адамның табиғатқа қатысына арналып, ғаламда алар орнын белгілеп көрсетеді екен. Өлеңнің екінші шумағында жаздың көркі табиғаттың қиқулап келген жыл құсына да, жайраң қаққан жастарға да, өңі көрден шыққандай кемпір-шалға да ортақ екені, үшінші шумағында қыстайғы қар қыспағынан шыққан қырдағы, ойдағы елдің шұрқырап көрісуі, одан кейінгі шумақтардағы малдың төлдеуі, құстың сайрауы, бұлақтың сылдыр қағуы, саятқа шыққан жігіттің қанжығасына қыздың жабысып бір бұрандап қалуының бәрі көктемгі әсем көріністі көз алдымызға әкеледі.

Көктем келіп мәре-сәре болып ауылға бұлдарын жайып, жамырап саудагерлердің келуі, диқандардың егін науқанына кірісуі де өмірлік шындық. Боямасыз шындық. Реалды тұрмыс.

Ал, енді осы өлеңнің одан арғы құрылысы тіпті ерекше. Көктемнің келуі, табиғаттың жадырап өзгеше түрге енуі енді адаммен қоса ғаламның қатысы арқылы бейнеленеді.

Ғалам дегеніміз не? Ақжан Машанов «Әл-Фараби және Абай» деген еңбегінде былай дейді: «Адамның мекен-жайы - ғалам. Қонысы - жер немесе адамның үйі – аспан төсегі - жер. Ғалам - адамға өлшенген, адам - ғаламға өлшенген, екеуінің арасында тамаша құрылымдық сәйкестік бар. Дүние үлкен ғалам болса, соның ішіндегі ғақли мүшесі адам - кіші әлем болып табылады. Жер табиғат, біздің планетамыз ғаламның бір бөлшегі болса, адам оның бөлшегі»[3,18] . Сондықтан да, осы ғаламды Тәңірі жаратты деп таныған Абай:

Безендірген жердің жүзін тәңірім шебер,

Мейірбандық, дүниеге нұрын төгіп.

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер [2,121]

- дейді. Осы өлең жолының өзі-ақ Абайдың дүние, жаратылыс туралы танымының тереңдігін білдіреді.

Тасқа бәдізделіп жазылған Күлтегін ескерткіштерінің бізге белгілі таным бар. Ол: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, ортасында адам баласы

жаралды» деген Көне түркілік таным. Ең алдымен. Абай өлеңінен біз осы ғаламдық байланысты көреміз.

Абай Тәңірдің тұрағы көкті - «күн» деп, жерді - «қалыңдық» деп атады.

Күн-күйеу, жер қалыңдық сағынысып,

Құмары екеуінің сондай күшті,

- деп суреттеуі түркілік танымда көк-ер адам, еркек кейпінде, жер-ана кейпінде есептеледі. Сондықтан да Абай:

«Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,

Біреуіне, біреуі қосылыспай.

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,

Жер толықсып, түрленер тотықұстай» [2, 121-122] ,

- деп табиғаттың осынау гармониялы сырын адамның пәк сезімдерімен егіздеп ұқсастыра жырлайды. Адам көңілі мен табиғат күйін, жалпы табиғаттағы тіршіліктің жалғастығын бір шумақ өлеңге сыйғызудың қандай шеберлік екені айтпаса да түсінікті.

Өлеңнің соңғы шумағы:

«Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,

Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.

Қызыл арай сары алтын шатырына

Күннің кешке кіргенін көрді көзім» [2,122] ,

- деп аяқталады. Бұл да өз кезегінде философиялық таным. Жер-дүниеге нұр беретін, нәр беретін күннің батуының өзі үлкен пәлсапа.

Абай өлеңдерінде адамды жырлағанда оның өмір белесіндегі әртүрлі жай күйлерін өлеңге қосады. Солардың ішіндегі айтқан бір-екі шумаққа көңіл аударайық:

«Көлеңке басын ұзартып,

Алысты көзден жасырса

Күнді уақыт қызартып,

Көк жиектен асырса [2,240].,

Немесе:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,

Һәмишә өмір өтпек - ол білдірмек

Бір минут - бір кісінің өміріне ұқсас,

Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек [2,202].

Бұл шумақтарда айтылатын ой «күннің қызыл арай сары алтын шатырына» кіруімен тепе-тең берілген. Өмірдің өтпелілігін жырға қосу Абайдан бұрын да бар ақындық дәстүр.

Мәселен, бұл тақырып жыраулар поэзиясынан да, Абаймен замандас ақындар өлеңдерінен де орын алған.

«Ай мен күннің өлгені,
Еңкейіп барып батқаны», -
деген Бұқар жыраудың.,
"Кұйрық атып құлия,
Түлкідей қашқан зымия
Қаранды үзіп барасың
Бізден де қайран дүния»,

- деген Шәңгерей Бөкеевтің өлең жолдары да осыны аңғартады. Бұл өлеңдерде де адам мен табиғат ұғымдарының жұптастырыла берілуі арқылы өмірдің өтпелілік сипаты жақсы суреттелген.

Абай осы ұғымның бәрін «Күнді уақыт қызартып» деп бір-ақ жол өлеңге сыйғызған. Күннің қызарып барып батқаны адам өмірінің өткені деп білер болсақ, Абай бұл жерде де тыңнан ой бастайды. Қызарып барып батқан күн, ертеңіне қайта шықпай ма, жарқырап. Бұл - табиғаттың өзінің заңы, осыны адам өмірімен ұқсатқан Абай:

«Жас-қартаймақ, жоқ - тумас, туған- өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек» [2,23].
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын
Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес» [2,178] ,

- деп жазды. Табиғат, ғалам, адам байланысын Абай осылайша түсіндірді.

Өмірдің өтуін өлеңге қосу басқа халықтардың ақындарында да бар екені белгілі. Оның классикалық үлгісін «Жолаушының түнгі әні» өлеңінде немістің ұлы ақыны Гете жазған екен. Оны орыс тіліне Лермонтов аударып, Лермонтовтан Абай қазақ тіліне аударғаны баршаға аян. Үш бірдей халықтың үш бірдей ұлы ақыны адам мен табиғаттың қатысын адам мен табиғаттың бірлігін бірдей қабылдап, бірдей түсініп, бірдей жырға қосқан. Бұны ұлылар үндестігі деп айтамыз.

Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деп басталатын аудармасы табиғатпен етене таныс халықтың өкілі жазған өлең екендігін танытып тұр. Абайдың қараңғы түнде қалғып кетіп, балбырап ұйқыға кететін тауы, айнала жым-жырт боп түннің басуы, яғни осы образ

адамның ахиретке сапар шегу сәтін бейнелейді. Бұл жөніндегі өлеңнің шешімі екінші шумақта айтылады, «тыншығарсың сен дағы, сабыр қылсаң азырақ» деп ой түюі соны білдіреді. Алайда Абай адамның «мәңгілік дамылдауын» өмір өтіп кетеді деп байбаламға салу, пессимистік көңіл-күйде емес, ақиқат өмірді таныту, адамның өмірі өлшеулі екендігін айту мақсатында суреттеп көрсетеді. Осы өлшеулі ғұмырда Құдай жаратқан адам (пенде) адамша өмір сүруі керек деп ой айтады.

Бұл өлең Абай танымындағы табиғат және адам контексіне үйлес келеді, сондықтан да ұлы ақын өлеңді ықыластана аударған деп білеміз. Жалпы, аударма жасау үшін сол аударылатын шығармадағы айтылатын ой, суреттелетін бейнелер аудармашының көңілінен шығу керек. Осы аударма Абайдың танымының терең екендігін, табиғат тіндерін нәзік сезіне білетіндігін, өмір құбылыстарын Гетедей қабылдай алатындығын көрсетеді. Бұдан бірінші кезекте Абайдың жеке тұлға ретінде Гете, Лермонтовтармен терезесі тең екендігін байқасақ, екінші кезекте Абай өз таланты арқылы халқының да ұлылығын көрсететіндігін аңғарамыз. Міне, Абай сондықтан да Абай ұлы, биік. Оның шығармашылығының мәңгілік мәні де осында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Алтын жылға. Зерттеу мақалалары. - Алматы: "Жібек жолы" БҮ 2010.- 576б.
2. Абай. Екі томдық шығармалар жинағы.Т1.Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы:Жазушы,1986.-302б.
3. Машанов А.Әл-Фараби және Абай.-Алматы:Қазақстан,1994.-302б.

ГТАМР 17.07.21

АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

У.Е. МАМБЕТОВ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Абай шығармашылығындағы философиялық, әлеуметтік – экономикалық, саяси, тәрбиелік мазмұндағы ой – пікірлеріне сілтеме жасай отырып, олардың қазіргі даму кезеңімен сабақтастығына назар аударылады

Түйін сөздер: Абай әлемі; Абайдың өлеңдері; Абайдың кара сөздері.

Аннотация. В статье обращается внимание на преемственность творчества Абая философского, социально-экономического, политического, воспитательного содержания с современным этапом нашего развития